

Ескелді ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 30 "Ескелді ауданында дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімінің 2020 жылғы 10 тамыздағы № 1 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 19 тамызда № 5612 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімінің 04.12.2020 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 2-тармағына сәйкес, Ескелді ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ескелді ауданы әкімінің "Ескелді ауданында дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 30 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4980 тіркелген, 2019 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы Тулақбаев Болат Толымбековичке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ескелді аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Ескелді аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы*

_____ Р.А. Жексенбеков

Р. РАКЫМБЕКОВ

Ескелді ауданында дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін құрылған сайлау учаскелері

№ 243 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бақтыбай ауылы, Тұрар Рысқұлов көшесі № 36, "Ескелді ауданы әкімдігінің Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Бақтыбай ауылының, Астана, Л. Асанова, Шәкәрім, Қ. Рысқұлбеков, Жетісу Шұғылысы, Қ. Жапсарбаев, Әбілхайырхан № 1-29, Б. Ысқақов, О. Жандосов, К. Менисова, Д. Рақышов, Д. Нұрпейісова № 1-19, Сүйінбай № 1-64, Кенесары хан № 1-14, Тәуке хан № 1-25 және М. Мақатаев көшелерді қоспағанда.

№ 244 сайлау учаскесі.

Орталығы: Елтай ауылы, Жансенгіров көшесі № 30, "Ескелді ауданы әкімдігінің Сейфуллин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын-орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Елтай ауылы және Бақтыбай ауылында Астана, Л. Асанова, Шәкәрім, Қ. Рысқұлбеков, Жетісу Шұғылысы, Қ. Жапсарбаев, Әбілхайырхан № 1-29, Б. Ысқақов, О. Жандосов, К. Менисова, Д. Рақышов, Д. Нұрпейісова № 1-19, Сүйінбай № 1-64, Кенесары хан № 1-14, Тәуке хан № 1-25 және М. Мақатаев көшелері.